

DOI 10.54596/2958-0048-2023-4-64-69

ӨОЖ 398.22

ҒТАМА 17.09.91

**ЖОБА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДЫ ОҚЫТУДА
ТИІМДІ ҚОЛДАНУ****Махмутова С.С.^{1*}***^{1*}«ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған облыстық
мектеп-лицей-интернаты» КММ, Петропавл, Қазақстан Республикасы***E-mail: saltanat_ms_1981@mail.ru***Аңдатпа**

Бұл мақалада заманауи технологиялардың пайда болу себептері қарастырылады. Соның ішінде сабақ барысында жиі қолданылатын жоба технологиясы туралы жазылған. Алдыңғы қатарлы технологиялардың бірі жоба технологиясын қолданудың артықшылықтары сөз етіледі.

Бұл жұмыста лиро-эпостарды оқытуда жоба технологиясының тиімділігі көрсетілген.

Мақала жоба технологиясы арқылы «Қыз Жібек» лиро-эпосын зерттеуге арналған. Мақалада «Қыз Жібек» шығармасындағы қазақ салтына талдау жасалынған. Жоба технологиясы арқылы жасалған жұмыс үлгісі берілген.

Мақаланың өзектілігі заманауи технологиялардың көптілігіне қарамастан қолайлысын таңдау қиындығы айтылған. Оқушы санасына лиро-эпостарға деген қызығушылықты оятатын, тақырыпты өз бетінше зерттеуге бет бұруда жоба технологиясы бірден-бір таптырмас құрал екеніне дәлелдер беріледі. Автор зерттеу жүргізу арқылы оқушылардың эпостық жырды оқуға қызығушылығы артқанын алға тартады. Зерттеу барысында негізінен орта, қоғам, ғаламтор тәрбиелейтін ұрпақтың назары қазақ халқының ұлттық тәрбиесіне аударылды.

Нәтижесінде жоғарыда аталған шығарма жоба технологиясы арқылы зерттеліп, жастардың ғашықтық сезімдерін мәдениетті түрде білдіретін үлгі іспеттес туындыға айналды. Жоба технологиясымен жұмыс жасау арқылы білім алушының топпен, жұппен сапалы жұмыс жасауына зор ықпал еткені баяндалады.

Кілт сөздер: жоба технологиясы, лиро-эпос, эпостық жырлар, заманауи технология, ұлттық тәрбие, салт-дәстүр.

**ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОЕКТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ
ПРИ ОБУЧЕНИИ ЛИРОЭПИЧЕСКОЙ ПЕСНЕ****Махмутова С.С.^{1*}***^{1*}КГУ «Областная специализированная школа-лицей-интернат для одаренных детей
ЛОРД», Петропавловск, Республика Казахстан***E-mail: saltanat_ms_1981@mail.ru***Аннотация**

В данной статье рассматриваются причины появления современных технологий. В частности речь идет о проектной технологии, которая часто используется на уроках автора. Отмечены преимущества использования проектной технологии, одной из ведущих технологий.

Данная работа показывает эффективность проектной технологии на уроках, посвященных теме лиро-эпосы казахского народа.

Статья посвящена исследованию лирического эпоса «Кыз Жибек» с использованием проектной технологии. В статье произведен комплексный анализ обычая в данном произведении. Приведен образец работы, созданной с использованием проектной технологии.

Актуальность статьи заключается в том, что несмотря на обилие современных технологий, выбрать наиболее подходящую очень сложно. Доказано, что проектная технология является единственным незаменимым инструментом в сознании учащегося, который вызывает интерес к лирическому эпосу и побуждает к самостоятельному изучению темы. Автор утверждает, что благодаря проведению

исследования повысился интерес учащихся к чтению эпических произведений. В ходе исследования внимание молодого поколения, которое в основном воспитано окружающей средой, обществом и интернетом, было обращено на национальное воспитание казахского народа.

В результате вышеупомянутое произведение было изучено посредством проектной технологии и превращено в образцовое произведение, культурно выражающее чувства любви молодежи. Сообщается, что работая по проектной технологии, учащимся оказывает большое влияние на качество работы в группах и парах.

Ключевые слова: проектная технология, лиро-эпос, эпические песни, современные технологии, национальное воспитание, обычаи и традиции.

EFFECTIVE USE OF PROJECT TECHNOLOGY IN TEACHING LYROEPIC SONGS

Makhmutova S.^{1*}

^{1}Regional specialized boarding school lyceum for the gifted students LORD,
Petrovsk, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: saltanat_ms_1981@mail.ru*

Abstract

This article discusses the reasons for the appearance of modern technologies. We are talking about project technology, which is often used in the author's lessons. Here noted the advantages of using leading project technologies.

The work shows the effectiveness of technology in lyric epics of the Kazakh lessons. The article is devoted to the study of the "Kyz Zhibek" using project technology. A comprehensive analysis of traditions in the lyroepic song of "Kyz Zhibek" film.

The relevance of the article proved that the project technology is the only irreplaceable tool in the student's mind that arouses interest in the lyrical epic and encourages independent study of the topic. The author claims that due to the research, the interest of students in reading epic works was increased. The attention of the younger generation, which is mainly brought up by the environment, society and the Internet, was drawn to the national education of the Kazakh people.

In conclusion, the work was studied through project technology and turned into an exemplary that culturally expresses the feelings of love young people. It is reported that working on project technology, students have a great influence on the quality of work in groups, pairs.

Key words: project technology, lyro-epic, epic songs, modern technology, national upbringing, traditions.

Кіріспе

Қазіргі уақыт заманауи технологиялардың шарықтап тұрған кезі. Солай бола тұрғанмен қолайлысын таңдау өте қиын. Сабақта тек білім беріп қоймай, білім алушылардың шығармашылық қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырған жөн. Оқушылардың ойын дамыту, белсенділігі мен дербестігін қалыптастыруда шығармашылық жұмыстарды тиімді жүргізе білудің маңызы зор. Оқу үрдісінде педагогикалық технологияның әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдану – мұғалімнің шеберлігінің көрінісі, біліктілігін арттырудың ең бір дұрыс жолы деуге болады. «Педагогикалық технология» дегеніміз не? Педагог-ғалым В.П. Беспалько: «Оқу-тәрбие процесінің алдын-ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы – белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы. Педагогикалық жүйе – бір-бірімен байланысты әдістер, педагогикалық процестер, жеке тұлғаны қалыптастыруға әсер ететін нақты мақсатты, бағытты педагогикалық әсер», – деген анықтама берген [2; 50 бет].

Заманауи педагогикалық технологиялардың пайда болуы мен қолданылуы – заман талабы. Жаңа технологиялардың пайда болу себептері:

- білім алушылардың жеке және психофизиологиялық ерекшеліктерін қолданып терең ескерудің қажеттілігі;
- әсері төмен вербалды әдісті ауыстырудың қажеттілігі;
- оқытудың нәтижесін қамтамасыз ететін оқытушы мен білім алушы іс-әрекетін ұйымдастыру, оқу процесін жобалау мүмкіндігі.

Қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Олардың өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» деп айтқан, яғни оқыту кезінде алдыңғы қатарлы, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізулуде. Жаңа оқыту технологиялары педагогика әдіс-тәсілдерін бүтіндей жоққа шығармайды, олардың жетістіктерін еске ала отырып, оны жаңа әдіс-тәсілдермен байытып, білім алуды өз іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырады. Оқушыларға өздерін «ашуға», өз жеке тұлғасын тануға көмектесетін оқыту процесіне құрал мен әдістерді енгізу бүгінгі таңда өзекті педагогика мәселелерінің бірі. Заманауи білім берудің басты мақсаты – білім алушының тұлғалық және кәсіби өзін тануда жеке көмек көрсетуге бағытталған оқыту процесін дәстүрлі емес форматта ұйымдастыру. Соның негізінде бірнеше міндеттер орындалады. Білім алушылардың, танымдық дағдыларын дамыту, білімдерін өздігінен жоспарлау және ақпараттық кеңістікте өзін ұстау, сыни тұрғысынан ойлауын дамыту [1; 115 бет]. Осы мақсатты жүзеге асыратын жол – жоба технологиясы. Ол балалардың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді. Кез келген уақыт мерзімінде оқушылардың жекеше, жұптық, топтық жұмыс істеу іскерліктерін әрқашан жоба технологиясы бойынша іске асырамыз [2; 9 бет].

Оқыту жобасына, жоба сөзіне қысқаша сипаттама берейін.

Жоба – бұл қандай да бір актіні алдын ала ойлау, болжау мәтіні, құжат.

Жобалық әдіс – пән бойынша немесе пәнаралық, интеграциялық негізде белгілі бір бағдарлама бойынша құралған мақсатты бағыттағы мектептік оқу немесе мектептен тыс оқу, іздену, зерттеу қызметі.

Оқыту жобасы – оқушылардың өзіндік шығармашылық қызметі болып саналады [3; 11 бет]. Оқушының рухани және кәсіби қалыптасуына ықпал ететін жоба технологиясы үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Осы орайда, қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» (2 жартыжылдық) оқулығындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырларды аталған технология арқылы оқыту тиімді. Мәселен, осы технологияны адамгершіліктің, достықтың, ар намыстың, бет қайтпас ерліктің, тұрақты махаббаттың үлгісін жырлайтын «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырын оқу барысында қолданған болатынмын. Бұл жыр қазақ халқының өмірінде болған тарихи шындықты суреттеп қана қоймай, сол кездегі ел тұрмысын баяндайды. Жырда қазақтың төл салт-дәстүрлерін кездестіруге болады. «Қыз Жібек» – ел арасына ауызша да, баспа арқылы да кең тараған лиро-эпостық жыр. Халқымыздың ауыз әдебиетін зерттеушілерінің басым көпшілігі «Қыз Жібек» жыры XVII ғасырда пайда болған деп тұжырым жасайды.

«Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры ғылыми-зерттеу жұмысы білім алушыны қызықты, зияткерлік ізденуге, өзінің шығармашылығын көрсетуге, әсемділікті сезінуге, өмірге қызығушылық, әдемілікті енгізуде талпыныс жасауға көмектеседі. Жұмысымды жоспарлау барысында оқушыларға алдын-ала ізденісті талап ететін тапсырмалар беріледі. Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту негізге алынады.

Жоба технологиясы бір мәселені шешуді көздейді. Сол мәселенің бірі жастардың бір-біріне деген махаббат сезімдері мен сүйіспеншіліктерін білдіру әдебі төмендеген. Сондықтан осы шығармада кездескен қыз көру салтын үлгі етсін деген ой жатыр.

Зерттеу әдістері

Жұмысты жазу барысында сауалнама жүргізілді. Сауалнама жүргізудің мақсаты ғашықтар арасындағы қарым-қатынас дәстүрі мен мәдениетіне бүгінгі жастардың көзімен көзқарасын анықтау.

1. Қазақ халқының дәстүрлерін білесіз бе?
а) иә - 93,7% б) жоқ - 6,3%
2. Ұлттық салт-дәстүрлерді ұстану керек пе?
а) иә - 25,8% б) жоқ - 74,2%
3. Ғашықтар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті бүгінде дұрыс орында ма?
а) иә - 59,4% б) жоқ - 40,6%
4. Қазіргі жастар мәдениетті сақтай отырып, махаббатын білдіре ала ма?
а) иә - 71,9% б) жоқ - 28,1%
5. Ғашықтар туралы қазақ тілінде жазылған шығармаларды білесіз бе?
а) иә - 75% б) жоқ - 25%

Зерттеу нәтижелері

Қыз көру

Болашақ қалыңдық пен күйеу жігіттің бір-бірін алғаш рет көретін үйлену алдындағы кездесу.

«...Бірнеше айлық жол жүріп, Шекті деген елге келді. Сонда елге хабар салды, «әркімнің жақсы қызы бар болса, маған алып көрсетсе, қызын қаласам да, қаламасам да бір жорғадан беремін» деп жар шақырды.» [8; 9 б.]

Бұл салт бізге қазақ халқының күнделікті өміріндегі тәрбие құралын көрсетеді. Әдептің төресін осы салттан көре аламыз. Шығармада құшақтасу, қол алысу былай тұрсын, әшейін жастар бір-біріне көз тастаудың өзі үлкен тәрбие.

Жобаның негізгі ерекшелігі оқушының өздігінен жұмыс жасауына, іс-әрекетті жоспарлауына зор көңіл бөлінеді. Осы орайда орыс тілді мектеп оқушыларына іс-тәжірибе барысында жоба технологиясы арқылы қол жеткізген нәтижемен бөлісемін. Төмендегі кестеде жұмыстың кезеңдері және оқушы мен мұғалім жасаған жұмыстары көрсетілген.

1 кесте. Жоба бойынша атқарылған жұмыстар

Кезең	Оқушының іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті
Ұйымдастыру	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 8-сыныптың оқу бағдарламасында лиро-эпостық шығармаларға арналған тақырыптар бар. "Қыз Жібек" шығармасы мен фильмін оқу мен көру ұсынылады. Осы лиро-эпоспен танысқаннан кейін, үлкен қызығушылық туды, бұл жоба тақырыбын таңдауға ықпал етті.	«Қыз Жібек» фильмін көру, оқушымен бірге алған әсерін талқылау, фильмнің құндылығын ұғындыру, тәрбие көзі ретінде қарастыру.
Іздену	Сауалнама жүргізілді. Ол арқылы жоба тақырыбының өзектілігі расталды. Лиро-эпостар тақырыбына	Лиро-эпос және фильмдегі салт-дәстүрлерді жүйелеу. Ақпарат жинақтау, фильмнен

	жалпы ақпарат жинастырылды, "Қыз-Жібек" фильмі сюжетімен танысып, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар бағаланды, әрбір салт-дәстүрдің көрнекі бейнесі кіретін фильмнен үзінділер алынды.	нақты үзінділер алу, мысалдар келтіру. Әзірленген өнімнің қолдану аясын анықтау.
Қорытынды	Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрді жүйелеп, фильмде кездесетін үзінділер жасалды (QR-код арқылы материалды оқу, көру) мектеп кітапханасы, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті, мектеп фойесіне QR-код ілінді.	Жобаның өнімі бойынша насихат жұмысын жүргізу. Жастар арасында сезім білдіруде «Махаббат әліппесі» тәрбие құралы ретінде қолдану.
Рефлексия	Жоба бойынша жүргізілген жұмыстар қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білуге деген қызығушылық артты, сөздік қор толықты. Қазіргі жастарды тәрбиелеудің жарқын құралдары табылды. Шығарманың өміршендігі айқындалды, бүгінгі қоғамда да махаббат эталоны ретінде қолданудың үлгісі екені дәлелденді.	Лиро-эпостық жырды оқытуда заманауи ақпараттық технологияларға сай әзірленген өнімді сабақ барысында, сыныптан тыс іс-шараларда тиімді қолдану. Оқушылардың танымдық қызығушылықтары артты. Махаббат сезімін білдірудің мәдениетті жолдарын көрсету мүмкіндігі пайда болды.

Қорытынды

Көрсетілген зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тақырыптың өзектілігін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Лиро-эпосты оқу, фильмді көру салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыпқа, тыйымдарға қызығушылық тудырды. Шығарма мен фильмдегі салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптармен танысу барысында қазіргі жастарды тәрбиелеудің жарқын құралдары кездесті. Шығармада қазіргі қоғамға үлгі болып отырған ғашықтардың сезімдерін білдіру көріністеріне көңіл бөлінді. Дәстүр мен әдет-ғұрып бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша кең аудиторияға арналған материал жинақталып, оның электронды нұсқасы жасалды. Негізгі мақсатымыз – «Қыз Жібек» лиро-эпостың тәрбиелік және адамгершілік мәдениетін көрсету болып табылатын. Ал лиро-эпос мінез-құлық ережелері болып табылатын әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бай. Сондықтан «Қыз Жібек» лиро-эпосы жас ұрпақты тәрбиелеу құралы деген тұжырымға келдік. Зерттеу жүргізу арқылы оқушылардың жалпы эпостық жырды оқуға қызығушылығы артты. Оның нәтижелігін өткен оқу жылының соңында 9 сыныптың оқушылары «Қобыланды батыр» шығармасы бойынша ғылыми жоба жазуға ұсыныс тастап, жүлделі орынға ие болды.

Оқушыда шығармашылыққа, зерттеу жұмысына талпыныс пен ниет болса, күрделі әрі қиын лиро-эпостық жырларды оқыту тақырыбы жоба технологиясы арқылы табысты болатынына сенімдімін.

Әдебиет:

1. Өтетілеуова Б. «Жаңа технологияларды оқытудың тиімді жолдары» // «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 9/2003. - 47-53 б.
2. Самашева С., Әзірбаева Ж. «Проект технологиясымен жұмыс істеу әдістері» // «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 8/2003. - 9-11 б.
3. Калиева К. «Проект технологиясы» // «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 1/2007. - 10-17 б.
4. Қалабаева Н. «Студенттердің шығармашылығын дамытудың тиімді жолдары» // «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 8/2006. - 44-47 б.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы (16-том), «Жібек жолы». - Алматы, 2014. – 400 б.
6. «Қыз Жібек». - «Мектеп», 2019. – 72 б.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы (6-том) / «Қазақ энциклопедиясы». - Алматы, 2004. – 351 б.
8. «Қыз Жібек». - «Алматыкітап», 2008. – 33 б.
9. Қазақ тілі мен әдебиеті 8-сынып оқулығы. - Көкжиек-Горизонт, 2018. – 156 б.

References:

1. Utetleuova B. "Effective ways of teaching new technologies" // Republican scientific and pedagogical publication "Kazakh language and literature in the Russian school", 9/2003 .- S.47-53.
2. Samasheva S., Azirbaeva Zh. "Methods of working with Project technology" // Republican scientific and pedagogical publication "Kazakh language and literature in the Russian school", 8/2003. - S.9-11.
3. Kaliyeva K. "Project technology"// "Kazakh language and literature in the Russian school" republican scientific and pedagogical publication, 1/2007. - S.10-17.
4. Kalabayeva N. "Effective ways to develop students' creativity" // "Kazakh language and literature in the Russian school" republican scientific and pedagogical publication, 8/2006. -S.44-47.
5. "Zhibek Zholy" / Complete collection of works of Auezov M. in fifty volumes (volume 16). - Almaty, 2004. – 400 s.
6. "Kyz Zhibek". - "Mektep", 2019. – 72 s.
7. National Encyclopedia of Kazakhstan (6 volume) / "Kazakh encyclopedia". - Almaty, 2004. – 351 s.
8. "Kyz Zhibek". - "Almatykitap", 2008. – 33 s.
9. Textbook of the Kazakh language and literature for 8th Grade. - Kokzhiek-Gorizont, 2018. – 156 s.